

**Шектеу іс-шараларын алу және "Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округінің Малонарым ауылындағы "Селегер" шаруа қожалығына шектеу іс - шараларын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 сәуірдегі № 2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 5 шілдедегі № 4 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Катонқарағай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысының 2024 жылғы 5 шілдедегі № 283 ұсынысына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Алтай аудандық зертханасының 2024 жылғы 5 шілдедегі №СО-24-F-07-(10)-00876-A-D сараптама актісі негізінде Солоновка ауылдық округінің Малонарым ауылындағы "Селегер" шаруа қожалығына қарасты мүйізді ірі қара малдардың құтыру ауруына қойылған шектеу іс - шаралары алынсын.

2."Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округінің Малонарым ауылындағы "Селегер" шаруа қожалығына шектеу іс - шараларын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 сәуірдегі № 2 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солоновка ауылдық округінің әкімі*

*М. Елеусизов*